Аннотация. В эпоху глобализации, по мере развития науки и техники значимую роль играет язык и термины, так как функционирования терминов в языке основывается на когнитивных методах и подходах к изучению специализированной лексики. В современном мире терминология стала играть важную роль в общении и коммуникации людей.

Термины используются в научных, технических и производственных отраслях для обозначения специальных предметов и точного выражения специальных понятий. Их невозможно передать другими словами. Также, без использования терминов в научных текстах невозможно правильная подача информации.

В своей статье автор стремился раскрыть ценности терминов, также попытался показать, что термины имеют особое место в нашем языке. Также отметил, что терминологическое слово в казахском языке можно обогатить, сделав переводы терминов эффективнее и содержательнее.

Вместе с тем автор акцентирует внимание на терминах, которые не правильно переводятся, используются не по назначению и не могут раскрыть точный смысл текста.

В своей статье автор подчеркивает, что для создания качественных, ясных и точных терминов, переводчик должен обладать глубоким знанием языка, быть разносторонним, грамотным, а также хорошо знать реалии происхождения казахского, русского и зарубежного языков.

В частности, термин должен соответствовать указанным требованиям. В этой статье автор смог правильно расставить цели, где термин определяется в зависимости от места в обществе, функцией и не ограничиваясь спросом одного дня или времени, должен рассматриваться в связи с перспективой, духовным ростом, увеличением человеческих ценностей.

THE TRANSLATIONS OF THE TERMS: EFFICIENCY AND PROBLEMS

Shyngysbayeva Duissengul

Senior Researcher of the Translation Sector of the Center for Linguistics
of Institute of Legislation and Legal Information of the Republic of Kazakhstan,
Nur-Sultan, Republic of Kazakhstan; e-mail: d.shyngysbaeva@adilet.gov.kz

Khamzina Nazgul

Senior Researcher of Linguistic center of the Institute of Legislation
and Legal Information of the Republic of Kazakhstan, Nur-Sultan,
Republic of Kazakhstan, e-mail: abutai_79@mail.ru

Keywords: translations; terms; law terminology; national concept; context; alternative variant and thoughts accuracy.

Abstract. In the era of globalization, with the development of science and technology the language and terms play a significant role, because the function of terms in the language is based on cognitive methods and approaches to the study of specialized vocabulary. In modern world, terminology has an important role in speech and communication of people.

The terms are used in scientific, technical and industrial fields. They are used to denote special objects and express special concepts accurately. It is impossible to say in other words. The role of terms in conveying information in an accurate way is unique.

In this article, the author sought to reveal the values of the terms, also tried to show that terms have a special place in our language. He also noted that the terminological word in the Kazakh language can be enriched by making the translations of terms more effective and meaningful. Meanwhile, the author focuses on the terms that are not correctly translated, used for other purposes and can not reveal the exact meaning of the text.

In this article, the author emphasizes that the translator must have a deep knowledge of the language, be well-rounded, literate, and know the realities of the Kazakh, Russian and foreign languages in order to create quality, clear and accurate terms.

In particular, the term should correspond to the stated purposes. In this article, the author was able to correctly set goals, where the term is defined depending on the place in society, and should not be limited to the demand of one day or time, but should be considered in connection with the prospect, spiritual growth, the increase in human values.

Тіл - кез келген ұлттың тірегі. Тілдің өркендеп, адамдардың өз ана тілінде еркін сөйлеп, ойын білдіре білуі ұлттың тарихи тұрғыдан берік орын тепкенінің белгісі. Ұлт жанашыры, тіл жанашыры деп жанайқайын білдірген қазақ зиялылары сонау ертеден-ақ осы мәселені тереңнен көтере білген. Бүгінгі күнде ана тілін заман талап еткен соң ғана өзін-өзі зорлап, ақылы түрде игеріп жатқан азаматтарымыздың тілге деген құрметі ертеңгі күнде қандай үміт күттіретіні беймәлім.

Қазіргі кезде тілімізде жете шешілмеген мәселелердің бірі - термин мәселесі. Осы мәселенің бір жақты болмағандығы күнделікті тәжірибеде көптеген кедергіге душар етіп жүргені белгілі. Терминдерді тұрақтандыра алмау - оны қазақ тіліндегі баламасын қолдану кезіндегі кемшіліктердің жемісі. Өйткені термин деген ұғымның ғылыми негізін түсінбей, оған жалаң түрде келуден туындап отыр. Термин дегеніміз не? Оның жай сөзден қандай айырмашылығы бар? Бұл үшін оның негізгі қасиеттері мен белгілерін білуіміз қажет. Терминді белгілі бір ғылыми ұғымды білдіріп, оған нақты анықтама беретін сөз деп қарастыру қажет. Жай сөз затты, құбылысты атау қызметін көрсетсе, термин ұғымға ғылыми

анықтама береді. Оның негізгі белгілеріне бір мағыналылық, жүйелілік, нақтылық, синонимдердің жоқтығы, эмоционалдық қасиеттерінің болмауын жатқызуға болады. Мысалы, термин деп танылған, қабылданған сөздің бір ғана мағынасы болу қажет.

«Термин» деген сөздің шығу тегі тереңнен бой алады. «Термин» - латын тілінен алынған сөз. Бастапқы мәні «шекаралық белгі», «шекара», «шек» ұғымдарын білдірген. Бұл күнде осы сөз арқылы ғылым мен техника, саясат, дипломатия салаларындағы ұғымдардың атауы болып табылатын сөздердің жиынтығы деген мағынаға ие болған [1]. Ежелгі Римде термин деген сөз «шекараның тәңірлік иесі, территориялар мен учаскелерді бөліп тұратын шекаралық бағаналар мен тастардың қорғаушысы, күзетушісі» ұғымында қолданылған. Бұл тастар қасиетті саналған. Егер кімде-кім бұл тастарға қол тигізсе және тиіссе онда ол қарғысқа ұшырайды деп саналған.

Ал енді зерттеушілердің осы күндегі ортақ ойларына тоқтала кететін болсақ, термин – бұл арнайы бір (ғылыми, әскери, медициналық, техникалық, географиялық т.б) мамандық саласына қатысты туындаған сөздер мен сөз тіркестері. Ғылыми техника, өнер, қоғамдық

өмір тағы да басқа салалардағы белгілі бір түсінікті нақты белгілейтін сөздер және сөз тіркесі. Ешбір түсіндіруге келмейтін қалыпты, мағыналық жағынан қолданысы шектеулі сөздер.

Терминдерді тіліміздегі баламасын табу да, ғылым саласында қазақша сөйлету де, алған терминнің ұғынықты, қысқа және тура болуы да - еуропалық, күллі әлемдік ғылым, қоғам үшін емес, алдымен және толығымен қазақ қоғамы, тілі, ғылымы үшін қажет. Термин жоғарыда аталған мүдделерге сәйкес келуге тиіс. Ал енді осы мүдделердің өзі терминнің қоғамда алар орнына, оның атқаратын қызметіне қарай айқындалады және олар бір ғана күннің, шамалы ғана уақыт сұранысымен шектелмей, болашақпен, рухани өсіп-өркендеумен, адами құндылықтардың артуына байланыста да қаралуға тиіс.

Заң терминологиясы құқық теориясында аз зерттелген сала деуге болады. Отандық заң ғылымында заң терминдерінің қалыптасу жолдары егжей-тегжейлі зерттелмеген, заң терминологиясының негізгі теориялық сипаттамаларына қатысты пікірлерде ауызбіршілік жоқ. Кейбір бірлі-жарым кездескен терминдерді талдап мақала жазылғаны болмаса, заң терминологиясы тереңнен көңіл бөлуді қажет етеді. Ал ең бастысы, заң терминологиясы деген үлкен сала болғанмен, бұл саланы қазақ тілін жетік меңгерген заңгер мамандарымыздың қолға алып зерттеп жатқаны жоқтың қасы деуге болады.

Қазіргі таңда елімізде заң терминдерінің баламасын тауып қолдану, зерттеп тану, оларды ретке келтіріп, тұрақтандыру мәселесі өз шешімін күтуде. Осы тақырыптың төңірегінде Заңнама институты құрамындағы Лингвистика орталығы да заңдар мен халықаралық шарттарды егжей-тегжейлі қарап, заң терминдерінің тұрақты анықтамалығын қалыптастыруда біршама жұмыстар жасау үстінде.

«Бояушы, бояушы дегенге, сакалын бояр» - демекші осы күндері басқа тілден қазақ тіліне аударма арқылы кіріп жатқан небір терминдердің қалыптасып жатқаны тек тіл мамандарын ғана алаңдату ма? - деген ой келеді. Қазақ ақыны, түркітанушы, аудармашы, қоғам қайраткері Ахмет Байтұрсынов: «Біз сияқты мәдениет жемісіне жаңа аузы тиген жұрт, өз тілінде жоқ деп мәдени жұрттардың тіліндегі даяр сөздерді алғыштап, ана тілі мен жат тілдің сөздерін араластыра-араластыра, ақырында ана тілінің қайда кеткенін білмей, айрылып қалуы мүмкін. Сондықтан, мәдени жұрттардың тіліндегі әдебиеттерін, ғылыми кітаптарын қазақ тіліне аударғанда, пән сөздерінің даярлығына қызықпай, ана тілімізден

қарастырып сөз табуымыз керек» - деп дәлдеп айтқан¹. Шындығында жаңадан шыққан термин болмаса, өз тіліміздің сөздік қорында бар, қолданыстағы баламасын сырып қойып, неге халықаралық терминді сол қалпында аламыз?

Қазіргі таңда тілге жанашыр ғалымдар, аудармашылар арасында терминдерді аудару-аудармау мәселесіне байланысты түрлі түсініктер мен кереғар пікірлердің қалыптасып отырғанын жасыра алмаймыз. Осыған байланысты терминдерді аударып қолдануға қатысты пікірлер, көзқарастар жеке тоқталуды қажет етіп отыр.

Терминдерді аударып қолдануға қатысты ғалымдардың бір тобы терминдерді аударып қолдануды қолдаса, екінші тобы терминдерді аударуға мүлдем қарсы шығып отыр. Бұл – жеке адамдардың көзқарасы емес, заңдарда, заңнамалық актілерде дұрыс аударылмаған, орынсыз аударылған терминдердің нәтижесінен пайда болған қоғамдық көзқарас. Шындығында, соңғы бағытты қолдаушылардың пікірі мен аударма теориясын байланыста қарастырып көрейік.

Негізі аударма – тілдердің барлығында да кездесетін тәсіл. Кез келген тіл өз қажеттілігіне қарай аударма жасауға құлықты екендігі даусыз. Ал аударма мазмұнды не мағынаны дәл беруді қажет етеді. Бұл – ең бірінші аудармаға қойылатын тілдік талап. Аударма мәселелерін байланысты өз еңбегінде Ш.Білалов мағынаның дұрыс берілуіне баса назар аударады. Ол бұл мәселеге: «... Мағынаны ұғыну – оның адам санасында бейнеленуі немесе оның тиісті ой тетіктерін дөп басып, қоздыруы. Сондықтан да, мағынаның дұрыс бейнеленуі ой тетіктерінің, сезім талшықтарының сезімтал, нәзіктігінде. Екіншіден, мағына – бүтін де тұтас бейзаттық дүние. Бейзаттық шамасы абстракция болуы керек», - деп көрсетеді [2].

Бұл пікірлер жалпы аударма мәселесіне қатысты айтылып отыр. Ал аударманың терминологияға қатысты ерекшеліктерін қарастыра келіп, ғалым А.Алдашева өз еңбегінде аударма мен кальканы бірін-бірі толықтыратын тәсілдер ретінде қарайды [3]. Бұны орында деп санаған дұрыс. Себебі терминдерді аудару кезінде осы екі тәсілдің де қатар қолданылатыны белгілі. Әйткенмен де, терминологиядағы аударманың тиімділігі теориялық жағынан да, практикалық жағынан да дәлелін табуда. Калька тәсілімен өнімді термин жасау қазақ, қырғыз, азербайжан, түркімен тілдерінде ерекше байқалады деп атап көрсетті.

Тілімізде калька арқылы қалыптасқан терминдердің қатарын екіге бөлуге болады. Дара терминдер: түйісу (контакт), қабат (слой), түп (забой), жарылыс(взрыв), араластыру (сме-

¹ «Мемлекеттік тілді қалай дамытуға болады», Yvision сайты //https://yvision.kz/post/434909

щение), шөгінді (осадки), ілмек (крюк), дабыл (сигнал), талдау (анализ), қатпар (складка) т.б. тілімізде бар сөздердің негізінде туындаған дербес сөздер. Дара терминдер орыс тіліндегі осындай терминдердің морфологиялық құрылымын игере отырып, тілде бұрыннан бар сөздерін негізге ала отырып пайда болған дербес терминдер. Екіншісі сөздер тіркесе отырып қалыптасқан күрделі терминдер: нобай бейнесі (схема), қайтып оралу (циркуляция), жаншу өлшеуіш (манометр), өткізгіш сым (провод), бесеке тұтқырлық (удельное сопротивление), еріме қоруыштар (плавкие предохранители), шорт жалғастыру (короткое замыкание), жөнші кітап (справочник), жарыспа тоғыстыру (параллельное включение), кезекпен тоғыстыру (последовательное включение), табан шойын жолдары (рельсы), бейтарап сызық (нейтральная линия), наразылық білдіру (принесение протеста), тергелу тиесілігі (подследственность), бейімдеу орталығы (центр адаптации), коныс аударушылар (переселенцев), заңсыз көшіп келуші (незаконный иммигрант) т.с.с.

Әйгілі ғалымның керемет көрегендікпен айтқан пікірі күні бүгінге дейін өз маңыздылығын жойған жоқ.

Көбінесе, термин мәселесін талқылаған кезде терминдерді өзге тілден өзгеріссіз қабылдаймыз ба, әлде өзгертіп қолданамыз ба немесе балама нұсқасын қолданамыз ба деген сұрақтар туындайды. Осы орайда Қазақстанның құқықтық мемлекет екенін ескере отырып, заң саласына қатысты көптеген сөздердің қайта жаңғырғанын айта кеткен жөн.

Терминдерді аударып қолдануға қарсы болушылар тілдер арасында мәдени, ғылыми, техникалық байланыстар сақталуы үшін ортақ ғылыми атаулардың, ұғым-түсініктердің болғаны дұрыс деп санайды. Сонымен қатар осы пікірді қолдаушылар соңғы уақытта терминдердің қолайсыз аударылуын, мағынаны дәл бере алмайтындығын, заң терминдерінің түсініксіз болып бара жатқандығын тілге тиек етеді. Терминдердің аударылуына қарсы пікір ұстанғандар, бұған қоса аударма арқылы жаңа сөздерді қалыптастыру, жаңа терминдер жасау тілімізді шұбарлайды деген пікірлер айтады. Сонымен олардың көзқарасы бойынша, тілде жаңа сөз жасау тілдің заңдылықтарын бұзады, тілдегі небір бейберекет сөздердің қолдануына жол береді деген пікірді ұстанып отыр. Әйткенмен ойымыздың дұрыс екендігін, жоғарыда айтылған пікірлердің негізді-негізсіздігін саралап көрелік.

Алдымен, терминдердің арасында белгілі бір байланыстың болуы тиістігі, кез келген тілдегі ғылыми атаулардың ортақтығы жайлы пікірлерді егжей-тегжейлі саралайтын болсақ, ғылым саласында өзара түсіністік болуы тиіс, алайда ғылыми атаулардың барлығы дер-

лік бір ортақ атаумен айтылуы тиіс деген тіл заңдылығы еш жерде жоқ шығар. Бұған қоса «ортақ» деп айдар тағып, термин деп қалыптастырып жүрген сөздердің барлығын дерлік термин жасаушы тілдер өз тілдерін негізге ала отырып немесе өз тіліне жақын тілдің сөзін негізге ала отырып жасайды.

Ал енді, осы ғылыми ұғымды ойлап шығарғаннан кейін ол сөзді өз тілінің негізінде атау сол тілдің құқығы. Алайда ол ұғымның міндетті түрде барлық тілдерде қалыптасқан қалпында қалуы тиіс деген заң жоқ. Ендеше, бұл сөздерді аудару арқылы не басқа тұлғада атау арқылы термин жасауға болады деген сөз. Бұл жағын дәлелдеуде алысқа бармай-ақ, қытай, жапон тілдерін мысалға алайық. Аталмыш тілдерге тән термин жасау саласындағы ерекшелікті бізге дейін де бірталай еңбектерде мысал ретінде айтып та жүр.

Айтылып отырған үрдіске қоса, тағы бір тартымды да, дәлелді мәселеге тоқтала кеткен жөн деп санаймыз. Бұл елдегі қандас қазақ бауырларымыздың ана тіліндегі сөзжасам жүйесі жайлы. Атап айтқанда біздің тілмен салыстырғандағы қытайдағы қазақтардың сөздік қолданысының ерекшелігі туралы. Олармен тілдесу барысында небір бізге тосын естілетін болғанымен, байыппен үңіле қараған адамға ұғынықты, қарапайым қазақтың тілінің сөздік қоры арқылы қалыптасқан орынды қолданыстары барлығын байқадық. Мәселен, бізде ұялы телефон деген жаңа сөз қолданылып жүр делік. Әрине бұл сөзсіз шартты түрдегі аударманың нәтижесінде пайда болған жасанды сөз. Бұл жаңадан тілімізге енген сөзді әрқайсымыз жан-жақты түрліше сынға алып, бүгінгі күнде зор қиындықпен, оның үстіне жиі қолданбайтынымыз да жасырын емес. Ал енді қытайдағы қандас қазақтар бұл сөзді жай ғана қол телефоны деп қолданады екен. Әрине, осы қол телефоны деген қолданыс «сотовый телефон» деген ұғымның мағынасын толық ашып көрсете алмайды. Оның үстіне тура аударма деп ала алмаймыз. Дегенмен, тура аударма деп алмасақ та, жұртшылық оңай түсінетін, мағынасын жеткізе білген ұғынықты аударма. Бұдан бәрақ жыл бұрын «карманные часы» дегенді біздер «қалта сағат» деп жеңіл ғана қолданған едік. Ал енді осы қол телефон айта салғанға да жеңіл, қалыптастыруға да қиындық туғызбайды және те термин сөзді қолданушылар үшін сөздің мағынасы мен ұғымы да түсінікті болған болар еді. Ал енді бұл жерде, қол телефонын қолға ұстауға болады екен де, үйдегі не кеңседегі телефонды қолға ұстауға келмейді ме екен? - деген сияқты тырнақ астынан кір іздеген сұрақтар туындауы мүмкін. Ал енді, егер әрбір сөздің дәлме-дәл баламасын беруге ұмтыла берсек, ешқашан өз тілімізде сөз не термин жасай алмайтындығымыз анық. Оған қоса, берілген сөздердің қалыптасуына үйде

тұратын телефонға қарағанда ұялы телефонның көбірек қолданылатындығы, үнемі дерлік қолда жүретіндігі негіз, негізгі мағыналық тірек болып тұр.

Бұл тұрғыда тағы бір жайға тоқтала кетуге тура келеді. Мысалға келтіріп отырған қол телефон, қалта телефон сияқты сөздеріміз термин сөздер емес. Осыған қатысты қоғамымыздың қатынас тілінде, тұрмыстық лексикамыздағы жаңадан пайда болатын, жасалатын сөздердің де табиғаты, жасалу тәсілі терминге ұқсас. Айырмашылығы тек олардың қолданылу саласында, қалыптасқан өрісінде. Сол себепті жоғарыда аталған сөздерді қазақ тілінің сөзжасам жүйесіндегі мүмкіндікке мысал ретінде, дәлел ретінде келтіріп отырмыз. Мұндағы емеуірін осындай ыңғайлы қолданыстарды заң тіліндегі терминдерді қалыптастыруға пайдалануға болатынын айту. Осы орайда ойымызды нақтылай түсу үшін аударма теориясын зерттеуші ғалым А.Алдашеваның келесі бір пікірін мысалға келтірелік: «Ұлттық ұғымға бірдейлестіру, ұлттық бітімге сәйкес келтіру бағытынан, тенденциясынан туындайтын тағы бір ерекшелік – белгілі бір заттың, ұғымның, құбылыстың, қасиет-сапаның атауын беретін сөздің, лексеманың осы тілді иеленуші халыққа қатыстылығын, осы халықтың меншігі екендігін, сонымен қатар номинациялық атаудың ұлттық калоритін көрсету. Бұл тек қана терминдер жүйесінде, номинациялау деңгейінде қалып отырған құбылыс» [3].

Аударуға қарсы пікірлер өздерінің батыл қадам жасауға, ұлт тілінің, ұлт терминологиясының болашағы үшін саналы әрекетке бара алмайтын, батылдықтары жетпейтін, ұлттық санасындағы түсініктің жетпей жататындығын түсіндіре алмайтын, түсіндіруге қорқақтайтын жандар деп түсінуге болады. Яғни өзге тілден енген терминдерден не болмаса сөздерден айырылатын болса, қалыпты қатынас жасаудан қалатын, өзге тілдік бірлікті қолдана алмайтындай сезінеді. Өзінің мақаласында академик Ә.Қайдаров ғылым тілінің халыққа қызмет істеуі керектігін ұстана отырып, мынандай пікір білдіреді: «Егер біз ғылымның барша жаңалықтары мен табыстарын ең алдымен адамның, халықтың игілігіне қажет дүние деп танысақ, бұл арадағы тілдің атқаратын орасан зор қызметін де ұмытпағанымыз жөн» [4]. Демек, ғалымның пікірінше, ғылым халыққа қызмет етуі үшін тіл де халыққа қызмет ете алуы керек деген пікірге саяды.

Аударылуға жататын мәтінде термин үнемі аудармада жеке шешімді талап етеді, сонымен қатар аударма бірлігі болып табылады. Бұл жерде мәселе терминдерді аударуда, оны аудару аударманың ең қиын түрі. Ол терминге балама табудың өзі үлкен білімділікті талап етеді. Әдетте терминдер кез келген арнайы ғылыми, техникалық, өндірістік т.б. салалар түрлерін-

де қолданылады. Арнайы заттарды белгілеуге және арнайы ұғымдарды дәл және тура жеткізуге қолданылатын немесе басқа тілден кіріккен сөздер негізінен ақпаратты мейлінше дәл және нақты жеткізудегі тілдегі ізденіс нәтижесі. Терминология негізі аудармашыдан тек қана шетел терминологиясын жақсы игерумен қатар, оған баламасын іздестіріп, оны тілде орынды, дұрыс пайдалануға икемдейді. Тіліміздің бай сөздік қорын жете меңгеру термин аудармасының тиісті дәрежеде жасалуына жәрдемдеседі. Термин –кез келген елдің тіліне аударылып қолданылса да, мәселен, «еңбек», «ақша» не халықаралық сөзбен алынса да, мысалы, «биржа», «банк» «терминал», «валюта», «банкомат» сияқты сөздер олар қалай болғанда да халықаралық термин болады, өйткені олар халықаралық деңгейде қолданылатын ортақ ұғымдарды білдіреді. Аудармашының негізгі мақсаты терминге нақты, дәл, дұрыс балама табу немесе егер қалыптасқан халықаралық термин болатын болса, сол қалпында қарастыра отырып, оның мағыналық сипатын түсіндіру. Терминдер ереже бойынша, өзге тілдерде де оған сәйкес келетіндей бір терминмен аударылады. Шынымен де тілімізде кейбір жаңадан қалыптасқан терминдер бірден құлаққа сіңіп кетеді ал енді олардың барлығы бірдей қолданысқа түсуге бейімді деуге болмайды. Мысалы, «үдеріс», «сынып», «пайыз», «үрдіс», «құжат» сөздеріне үйрену үшін бірақ уақыт өтті. Келе-келе құлағымызға үйреншікті болып, кеңінен қолданысқа еніп те кетті. Сондықтан сәтті шыққан терминдерді сұрыптап терминологиямызға кіргізіп, күнделікті қолданысқа енгізуіміз қажет.

Аударма жасау барысындағы тағы бір айта кетерлік жайт – белгілі бір контексте терминнің шынайы мағынасын үнемі ескеріп отыру қажеттілігі. Сол себепті терминді дұрыс түсіне білу мен оны аударма білу тілді жақсы, терең игерумен қатар, шетелдік және орыс, қазақ болмысының реалийлерін жақсы білуге қатысты.

Соңғы кездері бұқаралық ақпарат құралдарынан, көбіне теледидардан түспейтін «сыбайлас жемқорлық» (коррупция) деген сөздер бар. Бұл «коррупция» деген термин қазақ тілінде нақты аударылып жүр деп айта алмаймын. Өйткені, ең бастысы мағынасы алшақтап кетті. Ірі мәселе ұсақталды.

Барлығымызға «коррупция» деген сөз латын сөзінен шыққаны белгілі. Ол елдегі белгілі бір лауазым иелерінің, қоғам және саяси қайраткерлердің пара ұсынғанға сатылғыштығы деген мағынада санамызға сіңіп, көптен қалыптасқан еді. Ендігі мәселе осы «сыбайлас жемқорлық» сөз тіркесі берілген ұғымды толық аша ма, жоқпа екендігінде. Коррупционерді сыбайлас жемқорлар тобына жатқыза алатын болсақ, құлаққа көмескі естілетін сыбайлас

жемқорлардың барлығын коррупционерлер дей аламыз ба? Сыбайлас жемқор терминін ендіре отырып, біз қылмыстың негізгі нақты субъектілерінен алшақтап кеткен жоқпыз ба? Ресейдің Экономикалық терминдер сөздігінде «Коррупция (лат. corruptio - подкуп) – сращивание государственных структур со структурами преступного мира в сфере экономики, а также продажность и подкуп политических и общественных деятелей, государственных чиновников»² делінген. Ал «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңның 2-бабына сәйкес: «1. Осы Заңда мемлекеттік міндеттерді атқаратын адамдардың, сондай-ақ соларға теңестірілген адамдардың лауазымдық өкілеттігін және соған байланысты мүмкіндіктерін пайдалана отырып не мүліктік пайда алу үшін олардың өз өкілеттіктерін өзгеше пайдалануы, жеке өзі немесе делдалдар арқылы заңда көзделмеген мүліктік игіліктер мен артықшылықтар алуы, сол сияқты бұл адамдарға жеке және заңды тұлғалардың аталған игіліктер мен артықшылықтарды құқыққа қарсы беруі арқылы оларды сатып алуы сыбайлас жемқорлық деп ұғынылады»³. Сөйлемнің түсінуге ауыр, құқықтық әрі лингвистикалық жағынан шұбалаңқы екенін айтпағанда, сөздікпен салыстырғанда қолданыстағы Заңымызда сыбайлас жемқорлық субъектілері әлдеқайда әлсіреген. «Мемлекеттік міндеттерді атқаратын» деп жай ғана келтіреді.

«Коррупция» терминін қазақ тіліне аударған кезде бұл сөздің негізгі ұғымына сай келетіндігі, бір мағынада және халықаралық деңгейде қолданылатындығы ескерілмеді.

Жоғарыда аталғанды ескеретін болсақ, коррупция сөзін аударудың тіпті қажеті жоқ еді. Аудармасын сыбайлас жемқорлық деп ауыстырамыз деп жүріп терминнің нақты мағынасын жоғалтып алдық. Бүгінгі күнде кез келген шамалы ғана адамның арасында болған түкке тұрмайтын келеңсіз ақшалық қарым-қатынасты коррупцияға жатқыза саламыз.

Терминдердің қазақша баламасын қолданудың жөні осы деп, олардың барлығын аударудың қажеттілігі де жоқ. Филология ғылымдарының докторы, профессор Ш.Құрманбайұлы «тіл термин сөздер арқылы көбірек жаңарады», - деген ой айтады [5]. Термин баламалары – ғылыми тілдің дамып, жетілуін айқындап отырады. Терминді қажетті жерінде ғана қолдану пайдалы. Бұл жөнінде А.Байтұрсынұлының (жоғарыда келтіргенмін) тұжырымы – бұлжымас қағида. Сондықтан да ағылшын, орыс тіліндегі терминдерге ғылыми сипаттама жасап, оның мағынасын ашып, айқындап, ұлттық ұғымға сай қолдану – мұқият ізденіспен шешілетін мәселе. Термин – жалпыға бірдей баршаға ортақ, түсінікті сипатта жасалуы тиіс. Бұл жөнінде үнемі белгілі тіл мамандары Ә.Қайдар, Р.Сыздықова, Ө.Айтбаев, Ш.Құрманбайұлы т.б. белсене ат салысып жүр. Терминді аударуда да дәлдік, қысқалық, жүйелілік сақталуы шарт. Ең бастысы баламасы түсініксіз, ұғымға ауыр болмауы тиіс. Қорыта айтқанда, өз тілімізде терминдердің баламасын дұрыс тауып, орынды қолдана білу - тіліміздің байлығын арттыруға қызмет ететін, тіліміздің өсіп-өркендеуіне үлкен үлес қосудың бір тәсілі деп айтуға болады.

ӘДЕБИЕТ

1. Головин Б.Н., Кобрин Р.Ю. *Лингвистические основы учения о терминах: Учебное пособие.* – М.: Высшая школа, 1987. – 105 с.
2. Біләлов Ш. *Ұлттық ғылым тілі негіздерін қалыптастыру.* – Алматы: докт. дисс. автореф. 1997. – 44 б.
3. Алдашева А.М. *Аударматану: лингвистикалық және лингвомәдени мәселелері.* – Алматы: Арыс, 1998. - 243 б.
4. Қайдар Ә. *Қазақ терминологиясына жаңаша көзқарас.* – Алматы: Рауан, 1993. - 43 б.
5. Құрманбайұлы Ш. *Терминтану: оқу құралы.* – Алматы: Атлас баспасы, 2009. - 244 б.

REFERENCES

1. Golovin B.N., Kobrin R.Ju. *Lingvisticheskie osnovy uchenija o terminah: Uchebnoe posobie.* – М.: Vysshaja shkola, 1987. – 105 s.
2. Bilalov Sh. *Ұлттық ғылым тілі негіздерін қалыптастыру.* – Алматы: докт. дисс. автореф. 1997. – 44 б.
3. Aldasheva A.M. *Audarmatanu: lingvistikalıq zhәне lingvomәdeni мәseleleri.* – Алматы: Arys, 1998. - 243 b.
4. Qajdar Ә. *Qazaq terminologijasyna zhañasha көzqaras.* – Алматы: Rauan, 1993. - 43 b.
5. Qұrmanbajұly Sh. *Terminatanu: оқu құралы.* – Алматы: Atlas baspasы, 2009. - 244 b.

² Словарь экономических терминов // <https://slovar.cc/ekon/term/2335142.html>

³ “Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Қазақстан Республикасының Заңы <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1500000410>